

"Үржар аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" Үржар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 24-246/V шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 13 шілдедегі № 34-392/V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 шілдеде № 4069 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 9 маусымдағы № 3-35/VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 09.06.2016 № 3-35/VI шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 10 бабы 2 тармағы және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1 бабы 1 тармағына сәйкес, Үржар аудандық мәслихат **ШЕШТІ** :

1."Үржар аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" Үржар аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 24-246/V шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3352 нөмірімен тіркелген, "Уақыт тынысы" газетінің 2014 жылдың 05 маусымындағы 68-69 нөмірлерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Үржар аудандық мәслихатының регламентінде:

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді."

2.Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Үржар аудандық
мәслихатының хатшысы*

*Ж. Жұмақұлов
М. Бітімбаев*

